

Ұйым туралы түсінік және оның түрлері



- Менеджмент әлемінің негізін ұйым құрайды. Ол менеджменттің негізгі құрауыш себепшісі болып табылады.

Топтар ұйым болып саналуы үшін міндетті талаптарға сай болуы тиіс:

- Өзін осы ұйым мүшесі санайтын екі адам болуы керек.
- 2 .Осы топтың мүшелері бірігіп қабылдайтын мақсаттары болуы керек.
- 3. Ұйым мүшелерінің бәріне ортақ мақсатқа жетуде бірігіп еңбек етуі.

Ұйым –деп, алға қойған мақсаттарға жету үшін адамдар тобының бірлесіп еңбек етуі.

- Ұйымның өмір сүруінің кезеңдері:
- 1. ұйымның пайда болуы- мақсаттары пайда болады
- 2. балалық шағы – қысқа мерзімді пайда болуы
- 3. есею- ұйымның имиджі қалыптасып, бір талапты, тұрақты өнімге бейімдейді.
- 4. қартаю – қолы жеткен нәтижелерді сақтап қалуға тырысады.
- 5. қайтадан жаңаруы.

Кез келген ұйымының құрылуы негізгі үш кезеңнен тұрады:

- 1. орындалатын жұмыстың мәнін анықтау
- 2. менеджмент элементтері бойынша жұмысты үлестіру
- 3. менеджмент элементтерінің жіктелуі негізінде басқарудың логикалық топтарының негізінің құрылуы.

- *Орындалатын жұмыстың мәнін анықтау*— бұл міндеттің орындалуы үшін ұйымның нақты жұмыс түрлерін және кезеңдерін қарастыратын бөлімдерін ажыратып көрсету. Мысалы, мақсат қою, осы мақсаттың орындалуы үшін қажет жұмыс көлемін есепке алу, пайдасыз жұмыстардың қайталануын тоқтату, жұмыс процесін анықтау, тексеру (жұмыс құрылымының маңызды мәселесін жіберіп алмас үшін). Кәсіпкерлік ісі бойынша көптеген кітаптар авторы профессор Друкер ұйым құрылымының негізгі үш кезеңдерін атап кеткен. Олар:

- 1. іс- әрекеттік, жұмыстың іске асуындағы өзара әрекетестік
- 2. шешім қабылдау, қандай шешім қабылданады және оған менеджердің қатысу рөлі
- 3. қарым- қатынастық, менеджер жүргізетін ортақ істің үлесін анықтау, менеджердің басқа тұлғалармен өзара қатынасы, менеджерге шешім қабылдаушы өзге тұлғалар әсері.

- *Менеджмент элементтері бойынша жұмысты үлестіру*— бұл кезеңге: мөлшер мен стандарттарды қалыптастыру (түрлі деңгейдегі әр жетекшінің қызметтік міндеттерінің жұмыс көлемін анықтау); тәртіптер орнату; ғылыми басқару әдістерінің тәсілдері (мысалы, жұмыс уақытын талдау, ұйым еңбектері және әдістерін білу), ұйыммен байланыстағы жеке тұлғалармен толықтай серіктестігін құру.
- *Менеджмент элементтерінің жіктелуі негізінде басқарудың логикалық топтарының негізінің құрылуы*. Мұнда орындалатын еңбек нақты орындалатын жұмысқа сәйкес басқару элементтерінің дұрыс топтастырылуы. Бұл тәсіл «бағыттау қағидасы» түрінде таныс. Жұмыстың орындалуына байланысты топтар бойынша еңбек ұжымын қалыптастырып, бір адам жетекшілігін тағайындап, кадр бөлімін құру. Ұйым ұжымын құру нәтижелі еңбек кепілі.

Ұйымның ішкі ортасының негізгі элементтері:

1. ұйымның мақсаты, ұйымда басты мақсат болуы тиіс

2. ұйымның құрылымы, менеджмент деңгейі негізінде әр түрлі бөлімдерінің өзара байланысы

3. тапсырмалары, белгілі уақытта орындалуы тиіс жұмыс көлемі

4. технология, адамдардың біліктілігі, білімділігі.

Ұйымның екі түрі бар:

1. Ресми ұйымдар

2. Бейресми ұйымдар.

- Ресми ұйымдар- ұйымның мақсатына жету үшін басшылықтың еркімен құрылған адамдар тобы. Жалпы ұйым туралы айтылса, ол ресми ұйымдар тобы. Ресми ұйымдар белгілі бір заңды талаптарға негізделген.
- Бейресми ұйымдар — әр түрлі әлеуметтік ішкі себептерге байланысты ресми ұйымның ішінен құралған ұйымдар. Бейресми ұйымдар шағын ғана ұйымдардан басқа барлық ресми ұйымдарда болады. Оларда жетекшісі болмасада, олар өте қажет. Олар белгілі бір мақсаттарға жету үшін жүйелі түрде өзара қатынаста болатын адамдар тобы.

Бейресми ұйымдарға адамдардың топтасуының себептері:

- 1. қатысушылық немесе достық сезім
- 2. өзара көмек
- 3. өзара қорғау, адамдар күшінің бірігуі.
- 4. өзара ортақ қызығушылықтар мен мүдделер.
- Бейресми ұйымдар сипаттамасы: әлеуметтік бақылау;
- өзгерістерге қарсы тұру.
- Ұйымдар ұйымдастырушылық құқықтық формаларына байланысты екіге бөлінеді:
- А) комерциялық ұйымдар
- Б) комерциялық емес ұйымдар

Комерциялық ұйымдар- пайда табу мақсатында құрылған ұйымдар.

- *Шаруашылық серіктестіктер (Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, Қосымша жауапкершілікті серіктестіктер, Командитті, Толық серіктестіктер).*
- *Акционерлік қоғамдар*
- *Мемлекеттік кәсіп орындар*
- *Өндірістік коперативтер.*